	<p>заттарды салыстыруды жетілдіреді. Символдық суреттерден геометриялық фигураларды таба білу дағдыларын бекіту, қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру.</p> <p>Көрнекі құралдары: АКТ, геометриялық пішіндер, суреттер.</p> <p>Шаттық шеңбер: Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!</p> <p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп- кішкентай балалар, Үп- үлкен боп өседі.</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Күтілетін нәтиже: Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі</p>	<p>гүлдер туралы түсінік беру. Көктем және көктем гүлдері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар.</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.</p> <p>Шатық шеңбер: Көк аспанда күн күліп Бізге күлсін бүлдіршін, Ұл қолында ту жүрсін! Қыз қолында гүл жүрсін! Бірге күлсін бүлдіршін.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Гүлдер әлемі»</p> <p>Мақсаты: Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату</p> <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Гүл»</p> <p>Мақсаты: Асфальтқа сурет салуды жетілдіру, гүлдердің суретін салуға үйрету.</p> <p>Көрнекі құралдары: АКТ, түрлі түсті қалам, сүлгі, үйшіктердің суреттері.</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру,</p>	<p>Мақсаты: көктемнің алғашқы гүлдерімен таныстырып, сөздік қорларын байыту.</p> <p>Көрнекі құралдары: гүлдердің суреттері, үлестірмелі карточкалар, желім, ысқырық.</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, ойын, жетелеуші сұрақтар</p> <p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп- кішкентай балалар, Үп- үлкен боп өседі.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Гүлденген Қазақстан»</p> <p>Ойын шарты: балалар алдарына берілген гүлдермен Қазақстан аумағы бейнеленген плакатқа жапысырып шығулары тиіс.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Гүлдермен таныстыру»</p> <p>Мақсаты: Балаларды өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана білуге үйрету. Өсімдіктерді аялап күтуге тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекі құралдары:</p>	<p>Мақсаты: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету</p> <p>Көрнекі құралдары: АКТ, түрлі-түсті күлтелер, ақ қағаз, желім, бірнеше гүлдер</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, ойын.</p> <p>Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату</p> <p>Дидактикалық ойын: «Иісінен ажырат»</p> <p>Ойын шарты: балалардың көзін байлап, гүлдерді иіскетуге. Гүлдің иісіне қарай ажыратулары тиіс.</p>	<p>Тақырыбы: «Ересектердің еңбегі»</p> <p>Мақсаты: ауладағы ересектердің еңбегін бақылату және еңбекке баулу</p> <p>Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу.</p> <p>Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер.</p> <p>Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кімнің құралы?»</p> <p>Ойын шарты: балалар еңбек құралдарының қай мамандық иесіне қажет екенін айтулары тиіс.</p>
--	--	--	---	---	--

	заттарды салыстыра алады	<p>көрсету, әңгімелесу, ойын.</p> <p>Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату</p> <p>Дидактикалық ойын: «Иісінен ажырат»</p> <p>Ойын шарты: балалардың көзін байлап, гүлдерді иіскету. Гүлдің иісіне қарай ажыратулары тиіс.</p>	<p>жалаушалар, суреттері, АКТ, плакаттар.</p> <p>Шаттық шеңбер: Көк аспанда күн күліп Бізге күлсін бүлдіршін, Ұл қолында ту жүрсін! Қыс қолында гүл жүрсін! Бірге күлсін бүлдіршін.</p> <p>Әдіс-тәсіл: түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ жауап. Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата»</p> <p>Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, гүл, жануарлар. Күтілетін нәтиже: Балалар өсімдіктердің адамдарға пайдасы көп екенін білді.</p>		
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу.				
Серуен:	<p style="text-align: center;">Ауа райына бақылау жасау</p> <p>Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.</p> <p>«Ауа райын сипатта!»</p>				

	Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру.				
Серуеннен оралу	Серуенде ойнаған ойыншықтарын жинауға көмектесу. Асықпай бірін-бірі итермей кіруге үйрету. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Топта киетін аяқ киімдерін киюге дағдыландыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісімен сүртінуге.				
Түскі ас	Тамақтанған кезде нан қиқымын шашпай, сусынды төкпей ішіуді пысықтау. Ойын-жаттығу: Тамақ ішер кезде енді Сөйлемейміз, күлмейміз, Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз!				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ертегі: «Қызғалдақ» ертегі оқу, «Ұйықтай қойшы боташым», «Тәтті ұйқы» әуен тыңдау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Бой жазу. Тұзды суға малынған кенеппен жүру. Төсекте керілу жаттығулары. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.				
Бесін ас	Тамақтанған кезде нан қиқымын шашпай, сусынды төкпей ішіуді пысықтау. Ойын-жаттығу: Тамақ ішер кезде енді Сөйлемейміз, күлмейміз, Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз				
Ойындар, дербес әрекет	«Гүлдер дүкені» (түсіндіру).	«Гүлдер дүкені» (көрсету).	«Гүлдер дүкені» (ойын ережесі).	«Гүлдер дүкені» (еркін ойын).	«Гүлдер дүкені» (еркін ойын).
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке жұмыс: Айару, Назар, Сұңқарға сурет салуға қызығушылықтарын ояту.	Ойын тапсырмаларды аяқтау. 1 ден 5-ке дейінгі сандарды қайталату: Алина, Алинұр, Диана	Жеке жұмыс: «Көктем келді гүл алып». Ө. Тұрманжанов (жаттау). өлеңін жаттатқызу, тіл байлықтарын дамыту, дыбыстарды анық	Мүсіндеу оқу қызметіндегі жұмыстарды аяқтау. Назар, Мұқағали, Алина «Гүлдердің» атауларын атап айтқызу.	Жеке жұмыс: Кәусар, Сұңқар, Айаруға гүлдер түрлері туралы суретті әңгімелету.

			айтқызу: Инабат, Амина, Өркен.		
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аялайық гүлдерді» ерекшелігін атау т.б.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың балалармен әңгімелесуі.	«Ертеңге дейін, балабақшам!»	Ата-аналарға кеңес: «Жол қауіпсіздігін сақтайық».	Медбике кеңесі: «Жеке бас тазалығын сақтайық».	Ата-аналарға балалармен бірігіп Гүлдер жайлы альбомдар жасап әкелу.

ОРТАҢҒЫ «ЖҰЛДЫЗ» ТОБЫНЫҢ 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Апта тақырыбы: «Ас атасы нан»

II-апта

Күні: 09.04-13.04.2018

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларың сәлемдесуін пысықтау. Ата - аналармен сұхбаттасу. Балалардың қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Жағымды жағдай орнату. Балалармен ойындар ұйымдастыру.(Дидактикалық, үстел үсті, саусақ және қимылды ойындар) Балабақша, топтары жайлы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Демалыс күндерін қалай өткізгендері жайлы әңгімелесу. Нан өнімдері туралы кітаптар қарау.	Жұмбақтар жасыру. Үстел үсті ойыны: «Не артық?»	«Ас атасы - нан» фотосуреттер қарастыру, слайд қарау.	Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерінің киімдерімен танысу. «Лото» ойыны. «Жануарлар мен төлдері»	«Нан» туралы мақал-мәтелдер жаттау. Пазл құрастыру. «Көктем гүлдері»
Таңертеңгі гимнастика	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айту. Сәуір айының жаттығулар кешені № 2				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сабынмен сабындап жуу, сүлгіні дұрыс қолдану, өз орнына дұрыс, ыңғайлы отыруды қадағалау.				
(ҰОҚ) дайындық Ертеңгілік жиын: -сәлемдесу;	«Ақбидай дәндері!» Дидактикалық ойын: «Сипаттамасы бойынша таны» Айзеренің «Ас атасы - нан» атты	«Арайлап таң атты!». Дидактикалық ойын: «Не жасырылғанын тап?»	«Жылы лебіз!». Тыйым сөздер! «Нанды бір қолымен үзбе». «Нанды жерге тастама».	«Қуан, қуан, алтын күн!» Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр...».	«Қуанышты хабарлама!» Дидактикалық ойын: «Сыйқырлы қалта».

<p>-ойындар, баяу қимылды ойын – жаттығулар; -топ жаңалығы;</p>	<p>кітапшасымен балаларды таныстыру.</p>				
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша ҚМУҚ Тақырыбы: «Топтастыру» Мақсаты: Жеке заттардан топ құрастыруды және топты заттарға бөлуге үйренеді. Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды көре білуге дағдыландыру. Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Көрнекі құралдары: АКТ, әр түрлі заттардың суреттері. Шаттық шеңбер: шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды орта ұйымдастыру Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдер»(қағаздан). Мақсаты: қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды уағжай арқылы гүлдің аналығын және күлтешелерін жасай алуға дағдыландыру және ұқыпты жұмыс Көрнекі құралдары:АКТ, суреттер, карточкалар. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету. Шаттық шеңбер: Көк аспанда күн күліп Бізге күлсін бүлдіршін, Ұл қолында ту жүрсін! Қыз қолында гүл жүрсін! Бірге күлсін бүлдіршін. Дидактикалық ойын: «Гүлдер әлемі» Мақсаты: Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату Сурет салу</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы нан» Мақсаты: Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Еңбексүйгіштікті және тірі табиғат нысандарына қамқор көзқарасты тәрбиелеу. Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар Көрнекі құралдары: АКТ, әр нан өнімдерінің суреттері. Шаттық шеңбер: шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды орта ұйымдастыру Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы «Сақина»Мақсаты: Балаларға ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есу әдісі арқылы, бейнелеу. Көрнекі құралдары:АКТ, ермексаз, сақина және бірнеше сақина суреттері Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, жетелеуші сұрақтар, кері байланыс, ойын, үлгі көрсету Шаттық шеңбер: Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! Ойын тапсырма: «Біз ептіміз»</p>	<p>Музыка Маман жоспары бойынша Драма Тақырыбы: «Қайдан келдің бауырсақ?» Мақсаты:нан өнімдерінің дастарханға үлкен еңбектің нәтижесінде келетінін түсіндіру. Көрнекі құралдары:АКТ, суреттер, карточкалар. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, сахналастыру Шаттық шеңбер: Көк аспанда күн күліп Бізге күлсін бүлдіршін, Ұл қолында ту жүрсін! Қыз қолында гүл жүрсін! Бірге күлсін</p>

	<p>жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Күтілетін нәтиже: Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі заттарды салыстыра алады</p>	<p>Тақырыбы: «Нан» Мақсаты: Түрлі пішіндегі нандардың суретін салуды үйрету. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, ойын, үлгі көрсету Көрнекі құралдары: АКТ, түрлі түсті қалам, сүлгі, бауырсақ, нан өнімдерінің суреттері Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Дидактикалық ойын: «Дәмінен ажырат» Ойын шарты: нан өнімдерінің дәмін ажыратулары тиіс.</p>	<p>дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Нан» Мақсаты: нан өнімдерімен таныстыру. Наның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтежиесінде келетінін түсіндіру. Дәнді дақылдар туралы білімдерін кеңейту. Мақал- мәтелдердің астарлы мағынасын түсінуге үйрету. Ертегі мазмұны бойынша сызба құрастыруға үйрету. Сурет бойынша ойдан ертегі құрастыру, іскерлігін дамыту. Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар. Дидактикалық ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: Ойын шарты: «Гүлдер әлемі» Мақсаты: Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату.</p>	<p>Ойын шарты: ермексазды есу және шымшу әдісімен сақина жасаулары тиіс</p>	<p>бүрдіршін. Сахналастыру «Қайдан келдің бауырсақ?»</p>
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу.				
Серуен:	Күнге бақылау жасау				

	<p>Бақылау Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсың). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.</p> <p>Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.</p> <p>Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама <u>Тапсырма 1.</u> Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. <u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады. <u>Тапсырма 2 .</u> Қай зат тез ысиды? <u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. <u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. <u>Қорытынды.</u> Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.</p>				
Серуеннен оралу	Серуенде ойнаған ойыншықтарын жинауға көмектесу. Асықпай бірін-бірі итермей кіруге үйрету. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Топта киетін аяқ киімдерін киюге дағдыландыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісімен сүртіню.				
Түскі ас	Тамақтанған кезде нан қиқымын шашпай, сусынды төкпей ішіуді пысықтау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ертегі: «Ақ бидай», «Кішкентай бидай дәнінің саяхаты» «Нан қайдан шығады?» ертегілері.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Бой жазу. Тұзды суға малынған кенеппен жүру. Төсекте керілу жаттығулары. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Ас дәмді болсын! Рахмет! Ас болсын!				
Ойындар, дербес әрекет	«Нан дүкені» (түсіндіру).	«Нан дүкені» (көрсету).	«Нан дүкені» (ойын ережесі).	«Нан дүкені» (еркін ойын).	«Нан дүкені» (еркін ойын).

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сурет оқу қызметіндегі жұмыстарды аяқтау. Жеке жұмыс: Сұндетбек, Алина, Өркен, Алтынбекпен сурет салуға қызығушылық-тарын ояту.	Ойын тапсырмаларды аяқтау. 1-5-ке дейінгі сандарды қайталап айтқызу және саусақ бұлшықеттерін дамыту арқылы сандарды жазғызу. Айсұлтан, Диана, Назар, Айару.	Жеке жұмыс: «Қайдан келдің, бауырсақ?» Ө. Тұрманжанов туралы тақпақты жаттатқызу, тіл байлықтарын дамыту, дыбыстарды анық айтқызу: Ұлжан, Инабат, Өркен, Алинұр, Сұңқар, Мұқағали.	Апликация және мүсіндеуден аяқталмаған жұмыстарын орындау. Диана Айман «Нан өнімдері» атауларын атап айтқызу.	Жеке жұмыс: Нұрбибі, Айзере, Асылжан Кәусәрға суреттер «Ас атасы - нан» арқылы түрлерін әңгімелету.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлең жаттау. Ө. Тұрманжанов.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Бағдаршам туралы не білеміз?» балалармен әңгіме жүргізу.	Қауіпсіздік ережесі: «Өрт тілсіз жау» өрті болдырмау және өрттен сақтану жолдарын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма: «Ас атасы - нан» үйде мамаларымен нанды қалай пісіретіндері жайлы әңгімелесу.	Медбике кеңесі: «Даладағы серуен кезіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау».	Нанға қатысты «Тыйымдар мен ырысмарды» жаттап келу.

ОРТАҢҒЫ «ЖҰЛДЫЗ» ТОБЫНЫҢ 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Апта тақырыбы: «Жәндіктер»

ІІІ-апта

Күні: 16.04-20.04.2018

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларың сәлемдесуін пысықтау. Ата - аналармен сұхбаттасу. Балалардың қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Жағымды жағдай орнату. Балалармен ойындар ұйымдастыру. (Дидактикалық, үстел үсті, саусақ және қимылды ойындар) Балабақша, топтары жайлы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айту. Сәуір айының жаттығулар кешені № 3				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Астарың дәмді болсын! - Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, Дидактикалық ойын: материалдарын дайындау				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>ҚМҰҚ Тақырыбы: «Кеңістікте бағдарлау» Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуын анықтауды, беттестіру және тұтастыру арқылы тең және тең емес заттарды салыстыруды жетілдіреді. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Дидактикалық ойын: «Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Күтілетін нәтиже: Заттардың кеңістікте орналасуын</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа» ертегісі. Мақсаты: Сурет бойынша таныс шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге және оның мазмұнын айтуға үйрету Көрнекі құралдары: АКТ, хрестоматия, ертегі кейіпкерлерінің суреттері.э Шаттық шеңбері Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Сипаттамасы бойынша тап» Ойын шарты: жәндіктерді сипаттамасы бойынша табулары тиіс Сурет салу Тақырыбы: «Көбелек» Мақсаты: Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру. Көрнекі құралдары: АКТ, түрлі түсті қалам, сүлгі, көбелектер, суреттер. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап,</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерімен таныстыру (көбелек, қоңыз). Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу, ойын. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар, мозаикалар Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Үстел-үсті ойыны: «Қиынды суреттерді құрастыр Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тасбақа» Мақсаты: Тасбақамен танысады оның сыртқы ерекшеліктері мен дене бөліктерін атауға, сөздік қорды антонимдермен толықтырады, сөздерді септелуіне қарай байланыстырады Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Апликация Тақырыбы: Көбелек Мақсаты: шаршыдан дөңгелектерді қиюға үйрету. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар, желім, түрлі-түсті қағаз Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр Ойын шарты: көбелектерді көлеңкесіне қарай орналастырып шығулары тиіс.</p>	<p>Музыка Маман жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысумен танысу Тақырыбы: Табиғат бұрышы Мақсаты: табиғат бұрышындағы бөлме гүлдерімен таныстыру, қамқорлық жасауға баулу. Көрнекі құралдары: АКТ, бөлме гүлдері, тақырыпқа байланысты суреттер. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Еңбек әрекеті: балалармен бірге табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау Сергіту сәті: Көжегім , тұршы, Бетінді жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Киіміңді киші,</p>
---	---	---	---	---	--

	анықтауды, беттестіруедіжәне тұстастыру арқылы тең және тең емес заттарды салыстыруды жетілдірді.	түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Дидактикалық ойын: «Қанқызының түймелерін орналастыр» ойын шарты: қанқызының қара түймелерін тиісті орындарға жапсырып шығулары тиіс	біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгемелесу. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр Ойын шарты: жәндіктерді көлеңкесіне қарай орналастырып шығулары тиіс.		Мектепке қарай жүрші, Орныңа отыршы, Сабағыңды оқышы.
Екінші таңертегі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас болсын балақай!				
Серуенге дайындық Серуен	<p style="text-align: center;">Желге бақылау жасау.</p> <p>Бақылау Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау».</p>				

Серуеннен оралу	Серуенде ойнаған ойыншықтарын жинауға көмектесу. Асықпай бірін-бірі итермей кіруге үйрету. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Топта киятын аяқ киімдерін киюге дағдыландыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісімен сүртінуге.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	«Менің балабақшам» және т.б. тақырыптар бойынша картиналар қарастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.	Ойын-жаттығу «Қуыршаққа көмек» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктемнің» (Сурет құрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын достары туралы сөздерін байыту.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру.
-------------------------------	---	----------------------------------	---	---	--

ОРТАҢҒЫ «ЖҰЛДЫЗ» ТОБЫНЫҢ 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Апта тақырыбы: «Еңбек-бәрін жеңбек!»

IV-апта

Күні: 23.04-27.04.2018

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларың сәлемдесуін пысықтау. Ата - аналармен сұхбаттасу. Балалардың қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Жағымды жағдай орнату. Балалармен ойындар ұйымдастыру. (Дидактикалық, үстел үсті, саусақ және қимылды ойындар) Балабақша, топтары жайлы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айту. Сәуір айының жаттығулар кешені № 4				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <p style="text-align: center;">Астарың дәмді болсын!</p> - Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, Дидактикалық ойын: материалдарын дайындау				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p>ҚМҰҚ Тақырыбы: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі заттарды салыстыруды жетілдіреді. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту, салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету. Көрнекі құралдары: АКТ, әр түрлі заттардың суреттері. Шаттық шеңбер: шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды орта ұйымдастыру Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты. Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдер». Мақсаты: Қағаздың бұрыштарын ортасына бірдей бүктей білуін дамыту. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер, карточкалар, қатты қағаздар Жылулық шеңберіне шақыру бір-біріне жылы лебіздерін айтқызу Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу. Дидактикалық ойын:«Гүлді тап» Ойын шарты: күлтесіне қарай гүлді табулары тиіс Сурет салу Тақырыбы: «Құмға сурет салу» Мақсаты: Таяқпен құмға адамдардың еңбек әрекетін бейнелеуді үйрету. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу. Көрнекі құралдары: АКТ, құм, суреттері. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу.</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Жаратылыстану Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты: Сурет көрсету арқылы үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Құрметтеуге тәрбиелеу. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттер. Шаттық шеңбер: шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды орта ұйымдастыру Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Сергіту сәті: Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Дидактикалық ойын: «Анама көмектесемін» Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Еңбек» Мақсаты: Балаларды еңбек етуге баулу, сөздік</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Көктемгі ағаштар Мақсаты: жеке бөлшектерді біріктіре отырып, ашатарды мүсіндеуді үйрету. Көрнекі құралдары: АКТ, саз балшықтар, ағаштардың суреттері Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету Шаттық шеңбер: Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! Дидактикалық ойын:«Жапырақтар ын орналастыр» Мақсаты: Қоршаған ортамен танысу жайлы білімін кеңейту</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Драма Тақырыбы: «Құмырсқа» ертегісі. Мақсаты: Сурет бойынша таныс шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге және оның мазмұнын айтуға үйрету Көрнекі құралдары: АКТ, хрестоматия, ертегі кейіпкерлерінің суреттері.э Шаттық шеңбері Әдіс -тәсілі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Сипаттамасы бойынша тап» Ойын шарты: жәндіктерді сипаттамасы бойынша табулары тиіс Сахналастыру «Құмырсқа» ертегісі</p>
---	--	--	--	---	--

	<p>Күтілетін нәтиже: Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі заттарды салыстыруды жетілдірді</p>	<p>Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Ғажайып кілемше» Мақсаты: Түрлі сызықтар мен ою-өрнектердің жалғасын есте сақтау</p>	<p>қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен толықтыру Көрнекі құралдары: АКТ, саз балшықтар, саңырауқұлақтардың суреттері. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.</p>		
Екінші таңертегі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас болсын балақай!				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</p> <p style="text-align: center;">Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау</p> <p>Мақсаты: құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересектің көмегімен қарапайым тапсырмалар (Мысалы: гүлдерді суару)</p> <p>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар: «Күннің көзі мен жаңбыр»</p> <p>Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.</p>				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	«Менің балабақшам» және т.б. тақырыптар бойынша картиналар қарастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.	Ойын-жаттығу «Қуыршаққа көмек» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем» (Сурет құрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын достары туралы сөздерін байыту.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру.

--	--	--	--	--	--

ОРТАҢҒЫ «ЖҮЛДЫЗ» ТОБЫНЫҢ 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Достық біздің тірегіміз»

I – апта

Күні: 30.04-04.05.2018

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айту. Мамыр айының жаттығулар кешені № 1				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <p style="text-align: center;">Астарың дәмді болсын!</p> - Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, Дидактикалық ойын: материалдарын дайындау				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	<p>ҚМУҚ Тақырыбы: «Тең заттар тобы салыстыру» Мақсаты: Тең заттар тобын беттестіру мен тұтастыру арқылы салыстыруға және оң, сол бағыттарды анықтауға үйренеді. Көрнекі құралдары: АКТ, әр түрлі заттардың суреттері. Шаттық шеңбер: шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды орта ұйымдастыру Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, сергіту сәті, кері байланыс, үлгі көрсету. Дидактикалық ойын:«Суреттерді орналастыр» Ойын мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаман жолдас» Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. Көрнекі құралдары:хрестоматия, куыршақ Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Ойын тапсырма: «Қуыршаққа көмектес» Сурет салу Тақырыбы: «Дөңгелектер» Мақсаты: Негізгі түстерді бояуларды ала отырып қыл қаламмен қағаз бетіне сүйкеу әдісі арқылы сурет салуды</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктердің күтімі» Мақсаты: өсімдіктердің күтімі, тіршілік жайлы түсінік қалыптастыру Көрнекі құралдары:АКТ, түрлі түсті қалам, сүлгі, үйшіктердің суреттері. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Сергіту сәті: Кәне қызық ойындар Қатарласа қойындар Отырындар, тұрындар, Маған мойын бұрындар. Қолымызды жайайық, Құстай қанат қағайық. Аяқты бір басындар Кәне тағы - тағы да Қол соғайық жабыла Кәне тағы - тағы да! Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Апликация Тақырыбы: «Моншак». Мақсаты: ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдеуге үйрету Көрнекі құралдары:АКТ, дауыс дөңгелектер, желім, жіп Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, үлгі көрсету, ойын Шаттық шеңбер: Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! Дидактикалық</p>	<p>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысумен танысу Тақырыбы: «Достық» Мақсаты: Адамдардың бір бірімен достығы, отанды қорғау туралы түсініктерін қалыптастыру, Қазақстанның туы, жаз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Көрнекі құралдары:АКТ, суреттер, карточкалар. Шаттық шеңбер: Көк аспанда күн күліп Бізге күлсін бүлдіршін, Ұл қолында ту жүрсін! Қыс қолында гүл жүрсін! Бірге күлсін бүлдіршін. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап түсіндіру, әңгімелесу. Сергіту сәті: Он қолымыз алға Содан кейін артқа Содан кейін алға</p>

	<p>Отырайық, дем алайық, Дем алып ап, жүрейік.</p>	<p>бекіту. Көрнекі құралдары: АКТ, түрлі түсті қалам, сүлгі, үйшіктердің суреттері. Шаттық шеңбері: Шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу. Топта жағымды көңіл-күй орнату Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Дидактикалық ойын:«Түстерді ата» Сергіту сәті: Күнге қарайық, Шашымызды тарайық. Керіліп дем алып, Бойымызды жазайық. Секірейік, жүгірейік, Қуанайық, күлейік</p>	<p>Тақырыбы: «Достық» Мақсаты: Балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым қатынас мәдениетін сақтауға үйрету. Көрнекі құралдары: АКТ, суреттері, слайд. Әдіс -тәсіл: Сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, ойын Жылулық шеңбері: мотивациялық қозғаушы. Сергіту сәті: Шыр-шыр еткен торғайлар, Қанатын қағып шалқиды. Түрлі-түсті көп шарлар Әуеде ұшып қалқиды, Айға қарап, күнге қарап Шашымызды тарайық. Керіліп бір дем алып, Шаршағанымызды басайық. Дидактикалық ойын:» «Дауыста, атыңды айтам» Мақсаты: Балаларды дауыс ырғағын өзгерте білуге үйрету, есту, қабылдау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>ойын:«Түсіне қарай жина» Ойын шарты: түрлі-түсті моншақтарды түсіне қарай жинаулары тиіс</p>	<p>Сәл кішкентай қозғаймыз Біз билейміз буш – буш Дөңгелене жиналып Қолымызды ұрамыз Сарт – сұрт, сарт – сұрт.</p>
Екінші таңертегі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас болсын балақай!				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Аспанға бақылау жасау. Бақылау				

	<p>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.</p> <p>Қимылды ойын «Қазым,қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.</p>				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
